Жария офертасы

image-1653891156694.png

Соңғы редакция: 2022 жылғы 01 маусым

«E-SAUDA.COM» электрондық сауда-саттық порталына

қол жеткізу қызметтерін ұсыну туралы

жария ОФЕРТА*

Бұдан әрі «Оператор» деп аталатын **«E-SAUDA» ЖШС** бұдан әрі «Сатып алушы» / «Сатушы» және/немесе «Қатысушы» деп аталатын кез келген жеке, заңды тұлғаға немесе жеке кәсіпкерге интернет желісіндегі ақылы электрондық қызметтерді (бұдан әрі – қызметтер) ұсынады.

Осы ұсыныс ҚР Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес жария оферта (бұдан әрі – осы Шарт) болып табылады, оның талаптарын толық және сөзсіз қабылдау (акцепт) ҚР Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес қатысушының https://e-sauda.com мекенжайы бойынша орналасқан Оператор порталында тіркелу бойынша іс-әрекеттерді жүргізу және Оператор порталында (https://e-sauda.com) орналасқан «Пайдалану туралы келісімге» қол қою арқылы конклюденттік іс-әрекеттерді жүзеге асыруы болып саналады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395, 396-баптарына сәйкес төменде мазмұндалған талаптар қабылданған жағдайда, осы Офертаның акцептін жүргізетін заңды немесе жеке тұлға ҚАТЫСУШЫ, ал ОПЕРАТОР мен ҚАТЫСУШЫ бірлесіп, осы Оферта шартының ТАРАПТАРЫ болады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395, 396-баптарына сәйкес төменде мазмұндалған талаптар қабылданған жағдайда, осы Офертаның акцептін жүргізетін заңды немесе жеке тұлға, жеке кәсіпкер өнім беруші/қатысушы, ал ОПЕРАТОР және өнім беруші/Жарғышы бірлесіп осы Оферта шартының ТАРАПТАРЫ болады.

1. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. https://e-sauda.com **мекенжайы бойынша орналасқан электрондық сауда-саттық порталы (бұдан әрі – Портал)** – мүлікті сату және сатып алу бойынша қағазсыз рәсімдерді

жүргізудің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін азаматтарға, заңды және жеке тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге электрондық сауда сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе.

1.2. **Электрондық сауда-саттықтар** – жүргізілуін Портал операторы қамтамасыз ететін тауарды (мүлікті), жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді электронды нысанда сатып алу (сату) рәсімі.

1.3. **Электрондық сауда-саттық сервистері** – пайдаланушыларға тауарларды өткізу бойынша рәсімдерді электрондық түрде жүргізу үшін іс-қимылдар жүргізуге мүмкіндік беретін Портал функционалы. Бұдан әрі мәтін бойынша ЭСС, Сервистер.

1.4. **Оферта акцепті** — жеке және/немесе заңды тұлғаның, жеке кәсіпкердің атынан Порталға қатысушыны тіркеу әрекеттерін жүзеге асыру және/немесе https://e-sauda.com электрондық сауда-саттығына осы Оферта шартында баяндалған талаптарда қатысуға ниет білдіретін пайдалану туралы келісімге қол қою арқылы оферта шарттарын толық және сөзсіз қабылдау.

1.5. **Оферта шарты** — Оператор мен Сатушы арасындағы офертаны акцептеу арқылы жасалатын электрондық сауда-саттықты өткізу порталының сервистеріне және тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді сату туралы ұсынысты орналастыру мүмкіндігін ұсынуға арналған осы шарт.

1.6. **Оператор** (бұдан әрі – Оператор) – «E-SAUDA» ЖШС, Порталды иеленетін және тарату құқығы бар, осы Шартқа, Порталды пайдалану қағидаларына сәйкес Порталда ақпаратты орналастыруды және алмасуды жүзеге асыруға уәкілетті тұлға.

1.7. **Сатушы** – электрондық сервистер арқылы өз тауарларын/жұмыстарын/қызметтерін ұсыну үшін Порталда белгіленген тәртіппен тіркелген, Порталда өткізілетін электрондық сауда-саттық барысында тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуге мүдделі жеке тұлға/заңды тұлға, жеке кәсіпкер.

1.8. **Пайдаланушы** – Порталда онда көзделген рөлдермен тіркелген және/немесе Портал қызметтерін пайдаланатын және Порталда электрондық сауда-саттықты өткізу қорытындылары бойынша сатушымен шарт жасасуға үміткер кез келген жеке тұлға, заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің өкілі, жеке кәсіпкер.

1.9. **Орындаушы/Сенімді тұлға** – Порталда заңды/жеке тұлғаның/жеке кәсіпкердің мүдделерін білдіруге тиісті құқығы бар және Порталға қатысушының атынан әрекет ететін (лауазымдық өкілеттіктерге, сенімхатқа, өзге де құжаттарға сәйкес) Порталға қатысушы уәкілеттік берген қызметкер.

1.10. **Пайдалану қағидалары –** https://e-sauda.com мекенжайы бойынша электрондық сауда-саттықты өткізу үшін сатып алушылардың/сатушының/пайдаланушылардың Порталды пайдалану тәртібі мен шарттарын белгілейтін құжат.

1.11. **ЭЦҚ –** Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген, қатысушының/пайдаланушының Порталмен іс-қимылының заңды маңыздылығын, қол қою және верификациялау үшін пайдаланылатын электрондық-цифрлық қолтаңба.

1.12. **Аутентификаттау** – Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының (бұдан әрі – ҚР ҰКО) тіркеу куәлігі (сертификаты) арқылы пайдаланушының жеке басының түпнұсқалығын растау рәсімі.

1.13. **Порталда тіркелу** – Порталда қатысушыны аутентификаттау және ҚР ҰКО берген сертификат арқылы есептік жазбасын жасау рәсімі.

1.14. **Авторландыру** – пайдаланушының Порталға немесе Порталдың функционалдық модуліне қол жеткізу құқығын беру рәсімі.

1.15. **Сыйақы –** жасалған шартқа және/немесе жария офертаға сәйкес лицензияны және/немесе Портал қызметін пайдаланғаны үшін сатушының операторға төлеуіне жататын комиссиялық немесе абоненттік төлем.

1.16. **Абоненттік төлем –** Қатысушы Операторға белгіленген уақыт кезеңі үшін алдын ала төлеммен төлейтін Портал қызметтерінің белгіленген көлемін пайдаланғаны үшін ақшалай қаражат.

1.17. **Комиссиялық алым** – тауарды Портал сервистері арқылы өткізу/сату кезінде Портал операторы сатушыдан алатын қызметтер үшін ақшалай қаражат, қызметті ұсыну сәтінде Порталдың қолданыстағы тарифтеріне сәйкес анықталады.

1.18. **Порталды пайдаланғаны үшін комиссия (мәміле үшін комиссия)** – Портал операторы Портал сервистері арқылы табысты деп танылған аукцион аяқталған кезде сатып алушыдан алатын портал қызметтері үшін ақшалай қаражат қызметті ұсыну сәтіндегі Порталдың қолданыстағы тарифтеріне сәйкес айқындалады. Аукцион өтті деп танылғаннан кейін Оператор порталға қатысушылар арасында одан әрі мәміле жасау үшін және оның заңдылығы үшін жауапты болмайды.

1.19. **Қатысушының/сатып алушының/сатушының жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректері** – қатысушының/сатып алушының/сатушының келісімімен өзіне қол жеткізу еркін болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын дербес деректер (дербес деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздері).

1.20. **Дербес деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздері** – ақпараттық, жазбаша және өзге де көздер (оның ішінде өмірбаяндық анықтамалықтар, телефон, мекенжай кітаптары, жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстар, бұқаралық ақпарат құралдары).

1.21. **Қолжетімділігі шектеулі дербес деректер** – Қазақстан Республикасының заңнамасымен қолжетімділігі шектелген дербес деректер.

1.22.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Шартқа сәйкес Оператор сатушыға E-SAUDA Порталына уақытша қол жеткізуді ұсыну («сол қалпында») қызметтерін, соның ішінде https://e-sauda.com және олармен байланысты сайттарға, сервистерге, бағдарламалар мен құралдарға (бұдан әрі – «E-SAUDA порталы») және E-SAUDA порталында электрондық сауда-саттыққа қатысу (бұдан әрі – «Қызметтер»), ал қатысушы/сатушы/Сатып алушы E-SAUDA порталының қызметтері мен функционалдығын E-SAUDA порталын (https://e-sauda.com) пайдалану шарттарына, Қағидаларға (https://e-sauda.com) толық сәйкес пайдалануға, және осы Шарттың талаптарына сәйкес сыйақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Осы Шарт бойынша қызмет көрсету орны: Қазақстан Республикасының аумағы (бұдан әрі – «Аумақ»).

2.3. Қатысушы Порталды пайдалану қағидаларымен (https://e-sauda.com) танысуға және оны мүлтіксіз сақтауға және осы Шартта және Порталды пайдалану тарифтерінде айқындалған тәртіпте және шарттарда, қолданыстағы және Порталда (https://e-sauda.com) орналастырылған қызметтерге ақы төлеуге сөзсіз міндеттеме алады.

2.4. Оператор мен Портал қатысушысының техникалық өзара іс-қимыл тәртібі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын пайдалану қағидаларында (https://e-sauda.com) белгіленеді.

2.5. Оператор сатушыға қызмет көрсетеді, ал сатушы Порталды сатушының E-SAUDA порталын (https://e-sauda.com) пайдалану шарттарымен, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Пайдаланушы келісімімен (https://e-sauda.com) қосымшаларымен: Пайдалану қағидаларымен (https://e-sauda.com), Хабарландыру орналастыру және сату қағидаларымен (https://e-sauda.com), Порталды пайдалану тарифтерімен (https://e-sauda.com) (https://e-sauda.com), сондай-ақ E-SAUDA порталында орналастырылған және осы Шартқа, пайдалану талаптарына байланысты немесе оператор мен сатушы арасындағы құқықтық қатынастардың мәніне қарай сатушыға қолданылатын барлық қағидалармен және саясаттармен толық және сөзсіз келісімі болған жағдайда ғана пайдаланады.

2.6. Қызметтердің тізбесі мен сипаттамалары, сондай-ақ олардың бағасы қызметтердің тиісті тарифтерінде көрсетілген және Оператор порталда мына сілтеме бойынша орналастырады: https://e-sauda.com;

2.7. Қызметтер қатысушыға оның меншігінде, иелігінде не пайдалануында белгіленген талаптарға сәйкес келетін және Оператордың сервистерімен үйлесімді аппараттық-техникалық кешені болған кезде ұсынылады.

2.8. Оператор Порталды пайдалану қағидаларын, шарттары мен тарифтерін бір жақты тәртіпте өзгертуі мүмкін. Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат Оператордың порталында орналастырылатын болады.

3. ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

3.1. Осы Шарт жария шарт болып табылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабының 1-тармағы), оған сәйкес Оператор өзіне жүгінген әрбір адамға қатысты Портал сервистеріне қолжетімділікті ұсыну бойынша міндеттеме қабылдайды.

3.2. Қатысушының Оператор порталында тіркелген және оның Пайдалану туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қол қойған күндерінің ең кеш күні осы шартты жасасу күні болып есептеледі.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Оператор мыналарға мідеттенеді:

- Порталдың электрондық сервистеріне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- Портал қызметтерін төлеу және тұтыну есебін жүргізуге;
- Портал жұмысына, жаңа тарифтерді енгізуге және/немесе өзгертуге, Порталда және/немесе Оператор сайтында Порталды пайдалану қағидаларын өзгертуге байланысты ресми хабарларды жариялауға немесе тіркеу кезінде көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына хабарлама жіберу арқылы қатысушыны хабардар етуге;
- қатысушының таңдалған тарифтік жоспарына сәйкес және https://e-sauda.com сілтемесі бойынша Порталда орналастырылған қызметтерді көрсету кезіндегі қолданыстағы портал тарифтеріне сәйкес Портал қызметтерін төлеуге шот ұсынуға;
- заңды тұлға мен жеке кәсіпкер үшін электрондық шот-фактураларды, ал сатушылардың талап етуі бойынша қызметтерді/жұмыстарды тапсыру-қабылдау актілерін ұсынуға;
- Порталды пайдалану қағидаларына сәйкес Порталды жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және сүйемелдеуді жүзеге асыруға;
- Порталда қызмет көрсету кезінде анықталған кемшіліктерге жедел әрекет ету және егер бұл оператордың саясаты мен жоспарына қайшы келмесе, оларды жою бойынша шаралар қабылдауға;
- өз қалауы бойынша және Портал қатысушыларымен қандай да бір келісімсіз Порталды ақпараттық толықтыруды жүзеге асыруға.

4.2. Оператор мыналарға құқылы:

- Қатысушы/Сатып алушы/Сатушы ұсынған мәліметтердің растығына күмән туындаған жағдайда, тіркеу үшін тексеру іс-шараларын жүргізуге және анық еместігі анықталған жағдайда, қатысушыға Портал қызметтеріне қолжетімділікті бұғаттауға;

- Порталда өткізілетін электрондық сауда-саттықта тексеру іс-шараларын өткізу кезінде пайдалану қағидаларына сәйкес шешім қабылдауға және әрекет етуге;
- егер Қатысушының/Сатып алушының/Сатушының Портал қызметтеріне қол жеткізуін бұғаттауға, егер оның іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе пайдалану қағидаларына және/немесе осы Шарттың талаптарына қайшы келсе, сондай-ақ сатушы пайдалану қағидаларын бұзған жағдайда, Порталда авария туындаған кезде, Сатушының жабдығы ақаулы жұмыс істеген кезде, сол сияқты алдын алу немесе техникалық ақауларды жою мақсатында өзге де жағдайларда тыйым салуға құқылы. Мұндай жағдайда Оператор өшірілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиентті бұғаттау/ажырату себептері туралы жазбаша не электрондық пошта немесе телефон арқылы хабардар етуге міндетті;
- Портал тарифтерінің және/немесе Портал хабарландыруы талаптарына сәйкес комиссиялық/сервистік/аукциондық және/немесе кепілдік алымдарды төлеу туралы ақпаратты төлемеген және/немесе тіркемеген сатып алушыларды электрондық сауда-саттыққа қатысуға жібермеуге.
- Порталда тиісті хабарламаны жариялау арқылы техникалық жұмыстар туралы алдын ала хабарлай отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын жетілдіру мақсатында Портал қызметін тоқтатумен техникалық жұмыстарды жүргізуге;
- осы Шартты, сондай-ақ Пайдалану қағидаларын, пайдалану тарифтерін және Порталда осындай өзгерістер мен толықтыруларды орналастыру жолымен бір жақты тәртіппен Порталда жұмыстарды регламенттейтін және нұсқаулық ететін құжаттарды өзгертуге және толықтыруға;
- осы Шарттың талаптары бұзылған және төлем мерзімі 15 күнтізбелік күннен астам мерзімге кешіктірілген жағдайда қызмет көрсетуді тоқтата тұруға ;
- осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде компанияның логотипін және/немесе атауын өз клиенттерінің тізіміне енгізуге және өзінің интернет-ресурстарында орналастыруға;
- қызмет үшін төлем болмаған жағдайда 20 күнтізбелік күннен артық мерзімге портал сатушысы туралы тиісті ақпаратты порталдың жосықсыз сатушылар тізіліміне енгізіп, сатушы туралы ақпаратты орналастырып, оператор алдындағы берешегін өтеген сәтке дейін сатушыға қолжетімділікті бұғаттауға.
- порталдың ақпаратына ие болу үшін өзінің айрықша құқығын пайдалануға құқылы.
- оператор форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Қызметтерді орындамау құқығын өзіне қалдырады;
- сатушы қызметтерге ақы төлеу бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда қатысушыны кез келген қолжетімді тәсілдермен берешекті өтеу қажеттілігі туралы хабардар етуге, осындай берешекті талап ету үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы. Қатысушы (осы Шартқа қосылу жолымен) Оператордың осындай үшінші тұлғаларға қатысушы туралы кез келген ақпаратты, қатысушы алған қызметтердің құнын, берешек сомасын, қатысушы берешегінің болуын растайтын құжаттарды және берешекті өндіріп алу үшін қажетті өзге де ақпаратты беруіне келіседі.

4.3. Қатысушы/Сатушы/Сатып алушы мыналарға міндеттенеді:

- осы Шартты жасасу сәтіне дейін оның мазмұнымен және шарттарымен, Порталды пайдалану қағидаларымен (https://e-sauda.com), тарифтермен (https://e-sauda.com), Пайдалану келісімімен (https://e-sauda.com) және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оның қосымшаларымен танысуға құқылы;
- Қатысушы/Сатушы/Сатып алушы осы Шартпен, тарифтермен, Порталды пайдалану қағидаларымен және басқа да құжаттармен келіспеген жағдайда қатысушы Порталды пайдалануды дереу тоқтатуға құқылы;
- Порталда толық шынайы ақпаратты уақтылы және Оператордың талабы бойынша, сондай-ақ осы ақпараттың шынайылығын растайтын қажетті құжаттарды ұсынуға;
- Қатысушы/Сатушы/Сатып алушы осы Шартпен, тарифтермен, Порталды пайдалану қағидаларымен келіскен жағдайда, сатушы Порталды пайдалану қағидаларын, осы Шарттың талаптарын сақтай отырып, Портал қызметтерін пайдалануға, Пайдалану қағидаларында көрсетілген барлық талаптар мен рәсімдерді мүлтіксіз орындауға тиіс;
- осы Шарттың талаптарына, Порталды пайдалану қағидаларына (https://e-sauda.com) және қолданыстағы тарифтерге (https://e-sauda.com) сәйкес Оператордың қызметтерін қабылдауға және уақтылы төлеуге;
- 7 күнтізбелік күнде бір реттен жиі емес оператордың тарифтері, Порталды пайдалану ережелері, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және порталда жарияланатын т.б. туралы ресми ақпаратымен өз бетінше танысуға;
- техникалық проблемалар туындаған жағдайда, support@e-sauda.kz мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы бұл туралы Операторға дереу хабарлауға.
- адамның қадір-қасиетін қорлайтын, зорлық-зомбылықты, терроризмді немесе экстремизмді насихаттайтын, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты қоздыратын, бұзақылық немесе алаяқтық мақсаттарды көздейтін материалдарды тарату үшін қызметтерді пайдаланбауға;
- ЭСС баптауларын немесе оператордың бағдарламалық жасақтамасын өзгерту мақсатында әрекеттерді немесе олардың жұмысында іркілістерге әкеп соғуы мүмкін өзге де әрекеттерді жүзеге асырмауға;
- авторлық немесе басқа құқықтармен толық немесе ішінара қорғалған бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе басқа да материалдарды оператордың рұқсатынсыз жібермеуге, жариялауға, бермеуге, қайта жаңғыртпауға және қызметтер арқылы таратпауға міндеттенеді;
- оператордың Портал ресурстарына рұқсатсыз қол жеткізуге, желілік шабуылдарды және желілік бұзуды жүргізуге немесе қатысу фактілеріне, оның ішінде:
- оператор порталы элементтерінің (компьютерлер, басқа жабдықтар немесе бағдарламалық қамтамасыз ету) қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуы;
- оператор порталына (компьютерге, басқа жабдыққа немесе ақпараттық ресурсқа) санкцияланбаған, оның ішінде артықшылықты қолжетімділікті алу, сондай-ақ оператордың келісімінсіз осындай қолжетімділікті кейіннен пайдалану (бағдарламалық қамтылымды немесе деректерді жою немесе түрлендіру).
- Қатысушы/Сатушы/Сатып алушының қолжетімділігі шектеулі дербес деректерінің бар екендігі туралы (оператордың порталында тіркелу үшін), қағаз жеткізгіштегі деректер тізбесін және/немесе осындай деректердің электрондық форматтағы көшірмесін ұсына отырып, операторды хабардар етуге.

- Қатысушы/Сатушы/Сатып алушы Порталға қатысушы/өнім беруші жариялайтын суреттерді, файлдарды қоса алғанда, ақпараттың мазмұнына қатысты үшінші тараптың операторға талап қоюы нәтижесінде өзіне келтірілген залалды, шығындарды, шығыстар мен залалдарды өз есебінен өтеуге міндеттенеді (бұл жағдайда хабарламалар деп сатып алу туралы ақпаратты жариялау, өтініштерді, рәсімдер мен хабарламалар және т.б. жариялау түсініледі).
- Қатысушы/Сатушы/Сатып алушы Қатысушының/Сатушының/Сатып алушының жария банктік деректемелерінде шынайы ақпаратты көрсетуге міндеттенеді.

4.4. Қатысушы/Сатушы/Сатып алушы мыналарға құқылы:

- оператордан осы Шартқа сәйкес қызмет көрсетуді талап етуге;
- таңдалған тарифтер мен өкілеттіктерге сәйкес Сатушы/Сатып алушы және/немесе сенімді тұлға ретінде электрондық сауда-саттыққа қатысуға;
- Порталда орналастырылған өз ұйымы туралы ақпаратты Порталды пайдалану қағидаларына және Порталда орналасқан нұсқаулық материалға сәйкес өзгертуге құқылы.

5. ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шарт бойынша оператор көрсететін қызметтер үшін сыйақы, егер қатысушымен жеке келісімде өзгеше көзделмесе, Портал тарифтеріне сәйкес Портал қызметтерін пайдаланғаны үшін абоненттік төлем және комиссиялық алымдар түрінде алынады.

5.2. Көрсетілетін қызметтерге сатушының назарын аудару үшін көрсетілетін қызметтерді ілгерілету мақсатында Оператор бастапқы промо-кезеңді белгілеуге құқылы, осы кезең ішінде Қатысушыдан/Сатып алушыдан/Сатушыдан алымдар алынбайды. Мұндай промо-кезеңнің мерзімін оператор айқындайды және оны оператор өз қалауы бойынша кез келген уақытта бір жақты тәртіппен өзгерте/тоқтата алады. Бастапқы промо-кезең қызметтер үшін алымдардың мөлшерін белгілеу бөлігінде осы Шартқа өзгерістер күшіне енген сәттен бастап тоқтатылады.

5.3. Оператор қатысушы/Сатып алушы/сатушы төлеуге тиіс сыйақы мөлшерін белгілейді және оларды бір жақты тәртіппен кезең-кезеңімен өзгерте алады.

5.4. Операторлың қызметтері үшін алымдардың мөлшерін оператор маркетингтік акцияларды өткізу кезінде немесе жаңа сервистерді енгізу кезінде бір жақты тәртіппен өзгерте алады. Мұндай өзгерістер уақытша жарнама науқаны немесе E-SAUDA порталында жаңа сервис туралы ақпарат орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

5.5. Сыйақы өткен күнтізбелік ай үшін Оператор қоятын және сатушыға ол көрсеткен электрондық пошта мекенжайына және Қатысушының/Сатып алушының/Сатушының мекенжайына жіберілетін шоттар негізінде қолма-қол ақшасыз нысанда ай сайынғы негізде төленуге жатады. Шотпен бір мезгілде Оператор Қатысушыға/Сатып алушыға/Сатушыға қол қойылған көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актісін жібереді, оған сатушы алған

кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қол қоюға және операторға электрондық пошта және пошта жөнелтілімі арқылы жіберуге тиіс. Қол қойылған акт келіп түспеген және жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде сатушының қарсылықтары болмаған кезде қызметтер Қатысушы/Сатып алушы/Сатушы толық қабылдаған және осы Шартқа сәйкес көрсетілген болып есептеледі.

5.6. Оператордың шоттары шот ұсынылған сәттен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде төленуге жатады. Оператордың немесе оператор көрсеткен алушының есеп айырысу шотына ақша қаражаты есепке жатқызылған кезден бастап сыйақы төлеу жөніндегі міндет орындалды деп есептеледі.

5.7. Төлем мерзімі өткен жағдайда Оператор осы Шартта көрсетілген тұрақсыздық айыбын ескере отырып, төлем толық мөлшерде жүргізілгенге дейін сатушыға қызмет көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

5.8. Тараптар арасындағы барлық есеп айырысулар теңгемен және портал операторының есеп айырысу шотына аудару жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін есеп айырысулар қазақстандық теңгемен немесе АҚШ долларымен шот ұсынылған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша жүргізілуі мүмкін.

5.9. Тарифтерді E-SAUDA порталының операторы Порталда тиісті ақпаратты орналастыру арқылы біржақты тәртіппен өзгерте алады. Бұл ретте Қатысушы/Сатушы/Сатып алушы төлеген қызметтер бағалық түзетуге және өзгертуге жатпайды.

5.10. Осы Шарт бойынша абоненттік төлемді оператор шот ұсынған күннен бастап 5 банктік күн ішінде Портал операторының есеп шотына ақша сомасын аудару арқылы сатушы алдын ала төлем түрінде жүзеге асырады.

5.11. Қызметтерді төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда Оператор Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға (Порталға қолжетімділікті бұғаттау) және қатысушыдан Портал қағидаларын бұзғаны үшін төлемнің негізгі сомасынан әрбір мерзімін өткізіп алған апта үшін 0,25% мөлшерінде 45 000 (қырық бес мың) теңге мөлшерінде айыппұл және мерзімін өткізіп алған әрбір жағдай үшін өсімпұл түріндегі, бірақ төлемнің негізгі сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы 10%. Пайыздар мен аптадағы күндер саны қайта есептеуге жатпайды және апта ішіндегі кідіріс күндерінің санына тәуелді емес.

5.12. Осы Шарт бұзылған кезде осы Шарт бойынша енгізілген абоненттік төлем ағымдағы күнтізбелік ай үшін қайтарылуға жатпайды.

5.13. Аукцион өтті деп танылғаннан кейін Оператор Порталға қатысушылар арасында одан әрі мәміле жасау үшін және оның заңдылығы үшін жауапты болмайды. Қатысушы өз әрекеттері үшін толық жауапкершілікті өзіне алады. Қатысушы (Сатып алушы) жеңімпаз мәміленің одан әрі нәтижесіне қарамастан, болып өткен сауда-саттықтың нәтижелері бойынша операторға комиссиялық жарнаны төлеуге міндетті.

5.14. Порталда пайдаланылатын барлық сомалар мен мөлшерлемелер ҚҚС есебінсіз келтірілген.

6. қатысушының/сатып алушының/сатушының дербес деректерін жинау және өңдеу шарттары

6.1. Қатысушы осы Шартты орындау шеңберінде операторға берілген дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді.

6.2. Қатысушы осы Шартқа қосылу арқылы дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім береді және келісім ҚР ҰКО берген сертификат арқылы оператордың порталында қатысушының есептік жазбасын жасаған сәттен бастап тиісінше ресімделген болып саналады.

6.3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін жағдайларда не орындалмаған міндеттеме болған кезде қатысушы дербес деректерді жинауға, өңдеуге берген келісімін қайтарып ала алмайды.

6.4. Дербес деректерді жинау, өңдеу «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңында көзделген жағдайларда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда қатысушының келісімінсіз жүргізіледі.

6.5. Қатысушының қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын Оператор, егер қатысушы операторға қолжетімділігі шектеулі деректерге қандай деректер жататыны туралы хабарлаған болса, оларды қатысушының келісімінсіз таратуға жол бермеу не өзге заңды негіздің болуы талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, егер қатысушы таңдап алған қызмет осындай ақпаратты ашуды тұспалдайтын болса не осы ақпаратты жалпыға қолжетімді дербес деректер қатарына жатқызса, Оператор қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығы шарттарын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді өзіне алмайды.

6.6. Қатысушының дербес деректерін пайдалануды Оператор оларды жинаудың бұрын мәлімделген мақсаттары үшін ғана жүзеге асыруға тиіс.

6.7. Қатысушы мен Оператор құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға міндеттенеді (заңнамаға және осы Шарттың талаптарына сәйкес талап етілетін жағдайларды қоспағанда).

6.8. Қатысушының қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын Оператор олардың құпиялылығын қатысушының келісімінсіз не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы қамтамасыз етеді. Бұл ретте Қатысушы операторға қандай деректер қолжетімділігі шектеулі дербес деректер болып табылатыны туралы хабарлауға міндетті.

6.9. Егер қатысушы таңдап алған қызмет осындай ақпаратты ашуды тұспалдайтын болса не осы ақпаратты жалпыға қолжетімді дербес деректер қатарына жатқызса, Оператор қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылық шарттарын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдамайды.

7. еңсерілмейтін күш жағдайлары

7.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер орындау және/немесе тиісінше орындау осындай мән-жайлардың әрекетіне сілтеме жасайтын Тарап кедергі жасай алмайтын еңсерілмейтін күш мән-жайлары әрекетінің салдарынан мүмкін болмаса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайларға мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді: табиғи апаттар, өрттер, жаппай тәртіпсіздіктер, әскери іс-қимылдар, ҚР тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігіндегі интернет-жабындарды өшіру; мемлекеттік органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері, Порталдың жұмыс істеуіне тікелей қатысы бар байланыс арналарының немесе дата-орталықтардың ақаулары.

7.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшырайтын Тарап осындай мән-жайлардың басталғаны туралы екінші Тарапты олар басталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ жалпыға белгілі сипаттағы, олар туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылған еңсерілмейтін күш мән-жайларын қоспағанда, осындай мән-жайлардың туындағанын куәландыратын құжаттарды растау үшін ұсынуға тиіс. Уәкілетті мемлекеттік органдар немесе өзге де құзыретті ұйымдар берген құжаттар еңсерілмес күш жағдайларының туындауының жеткілікті дәлелі болып табылады.

7.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда осы Шарттың қолданылу мерзімі осындай мән-жайлардың қолданылу кезеңіне мөлшерлес ұлғайтылады.

7.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған күнінен бастап қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам әрекет еткен жағдайда, Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа жіберуге жататын жазбаша хабарламада осы Шарттың тоқтатылған күнін көрсете отырып, осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тараптар осы Шарт тоқтатылған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

7.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған күнінен бастап қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам әрекет еткен жағдайда, Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа жіберуге жататын жазбаша хабарламада осы Шарттың тоқтатылған күнін көрсете отырып, осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тараптар осы Шарт тоқтатылған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

8. қолданылатын құқық. дауларды шешу тәртібі

8.1. Осы Шартқа байланысты немесе осы Шарт талаптарының бұзылуына қатысты немесе оның бұзылуына, тоқтатылуына, жарамсыздығына қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер, талаптар Қазақстан Республикасының сот органдарында шешілуге жатады, соттылық ҚР Азаматтық процестік кодексіне сәйкес белгіленеді.

9. шарттың қолданылу мерзімі. шарт талаптарын өзгерту тәртібі

9.1. Шарт Порталға қатысушы келісімді тіркеген және/немесе қол қойған күннен бастап күшіне енеді және мерзімсіз болып табылады.

9.2. Шарт:

9.2.1. Тараптардың келісімі бойынша;

9.2.2. егер қатысушы осы Шарттың 2.8-тармағының тәртібінде оператордың енгізілген өзгерістерімен келіспесе, Қатысушы осы Шартты бұзу туралы ресми жазбаша хабарлама жіберуге және Порталды пайдалануды тоқтатуға құқылы.

9.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер және соттың тиісті шешімі болған кезде Тараптардың бірінің талап етуі бойынша бұзылуы мүмкін.

9.3. Осы Шарттың тоқтатылуы осы Шартта, Пайдалану қағидаларында және тарифтерде көзделген тұрақсыздық айыбын төлеуді қоса алғанда, осы Шарт бойынша қатысушы мен оператор арасында өзара есеп айырысуларды толық жүзеге асырудың міндетті талабы болып табылады.

10. өзге шарттар

10.1. Тараптар Тараптардың деректемелерінде және сатушының тіркеу деректерінде көрсетілген электрондық пошта бойынша кез келген хат-хабарлардың, сондай-ақ Тараптар электрондық пошта арқылы жіберетін құжаттардың заңды күші бар және сотта дәлелдемелер бола алады деген келісімге келді.

10.2. Тараптардың қатынастары осы Шартпен регламенттеледі, сондай-ақ осы Шарттың ажырамас бөліктері мыналар:

10.2.1. https://e-sauda.com мекенжайы бойынша орналасқан Электронды сауда-саттық порталын пайдаланудың жалпы қағидалары;

10.2.2. https://e-sauda.com мекенжайы бойынша орналасқан Электрондық сауда-саттық порталын пайдалану тарифтері;

10.2.3. https://e-sauda.com мекенжайы бойынша орналасқан техникалық қолдауға жүгіну регламенті;

10.2.4. https://e-sauda.com мекенжайы бойынша орналасқан пайдаланушы келісімі;

10.2.5. https://e-sauda.com мекенжайы бойынша орналасқан Сатушы (сату) қағидалары;

10.2.6. https://e-sauda.com мекенжайы бойынша орналсқан Сатып алушы (сатып алу) қағидалары;

10.2.7. https://e-sauda.com мекенжайында орналасқан Порталды пайдалану шарттары Қатысушы/Сатып алушы/Сатушы оператордың алдын ала жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз құқықтарын қандай да бір үшінші тарапқа беруге/беруге құқылы емес.

10.3. Осы Шарт агенттік шарт, комиссия шарты немесе коммерциялық концессия шарты болып табылмайды.

10.4. Осы Шартта көрсетілген хабарламалар оператордың электрондық поштасының мекенжайына (егер адресат Оператор болса) жіберілуге немесе сатушының аккаунтында көрсетілген электрондық почта мекенжайына жіберілуге тиіс (егер адресат сатушы болса). Хабарламалар электрондық пошта арқылы хабарлама жібергеннен кейін 24 сағаттан кейін сатушыға берілді деп саналады. Осы Шартты жасасуға, оның жарамдылығына, бұзылуына байланысты ресми хабарламаларды Тараптар міндетті түрде сондай-ақ Тараптар көрсеткен мекенжайларға пошта арқылы жібереді. Бұл жағдайда хабарлама пошта арқылы жіберілген күннен кейін үш күннен соң тапсырылды деп есептеледі.

10.5. Тараптар осы Шартқа қол қою кезінде оператордың уәкілетті адамының өз қолымен қойылған қолының аналогын факсимильдік қайта шығаруға жол берілетініне келісті.

10.6. Осы шартта айтылмаған барлық өзге талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

11. тараптардың деректемелері

11.1. Тараптар Пайдалану қағидаларына сәйкес Қатысушының Порталда тіркелуі кезінде көрсеткен ақпарат Қатысушының деректемелеріне сәйкес екендігімен сөзсіз келіседі.

11.2. Портал пайдаланушысы Оператордың комиссиялық алымды Пайдаланушы көрсеткен жария банк деректемелеріне қайтару шартымен сөзсіз келіседі.

11.3. Оператор Пайдаланушының банк деректемелерінің дұрыстығына жауап бермейді. Егер деректемелер Пайдаланушының кінәсінен дұрыс көрсетілмесе, қайтару Оператормен толық қамтамасыз етілді деп саналады.

11.4. Оператордың деректемелері:

«E-SAUDA» ЖШС БСН: 170440010629 Банк деректемелері: «KASPI BANK» АҚ БСК: CASPKZKA KZT шот нөмірі: KZ08722S000003152198	

———

* **Жария оферта** – белгілі бір тұлғаға, шектеулі немесе шектелмеген тұлғалар тобына арналған шарттың елеулі талаптары баяндалған мәмілені жасасу туралы ұсыныс.

Revision #5
Created 25 May 2022 06:44:13 by Меруерт
Updated 30 May 2022 06:13:37 by Диана